



Инфляциялық үрдістер

Маусым 2021

- Көкөністер бағасының өсуі нәтижесінде азық-түлік инфляциясын жеделдеуі
- Ұзақ пайдаланылатын тауарлардың қымбаттауы және нарықтық қызметтер құнының өсуі

2021 жылғы маусымда инфляция 1,1%-ды құрады, бұл 2017 жылдың соңынан бастап бағаның ең жоғары айлық өсімі болып табылады. Инфляцияның жылдық деңгейі 7,9%-ға дейін өсті. Инфляция құрылымында барлық компоненттердің үдеуі байқалды, ал азық-түлік өнімдерінің ең үлкен үлесті құрады.


Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсу қарқыны 2021 жылғы мамырдағы 9,3%-дан 2021 жылғы маусымдағы 10,6%-ға дейін жеделдеді. Көкөністерге (7,9%-дан 30,6%-ға дейін, ж/ж), атап айтқанда ұзақ сақталатын көкөністерге (картоп, сәбіз, қызылша) бағаның күрт өсуі жеделдетуге негізгі үлес қосты. Бұл тауарлардың айлық қарқыны соңғы жылдардағы рекордтық мәндерді көрсетті. Сонымен қатар, өндірушілер бағасының өсуі және әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның жоғары өсуін сақтау аясында өсімдік майы мен қанттың қымбаттауы жалғасты.

1-график. Азық-түлік инфляциясы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2-график. Азық-түлік инфляциясы




Азық-түлікке емес жылдық инфляция маусым айында 6,9%-ға дейін (2021 жылғы мамырда – 6,7%) жеделдеді. Жеделдетудің негізгі факторы бензин, сондай-ақ ұзақ мерзімді тауарлардың (киім, автокөобильдер, жиһаз және тұрмыстық техника) қымбаттауы болды. Бензиннің қымбаттауы өндірушілер бағасының өсуі нәтижесінде жалғасты. Киім мен аяқ киім бағасының өсуінің жеделдеуі сұраныстың біртіндеп қалпына келуі және импорттың біршама қымбаттауы аясында байқалды.

Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі 2021 жылғы маусымда коммуналдық қызметтер (электр энергиясы, газ) тарифтерінің өсуін қалпына келтіру және жекелеген


нарықтық қызметтердің қымбаттауы нәтижесінде 5,6%-ға (2021 жылғы мамырда - 5,1%) дейін жеделдеді. Көлік қызметтерінің қымбаттауы әуе көлігі бағасының өсуі нәтижесінде байқалды (26,2%, ж/ж). Сондай-ақ сұранысты қалпына келтіру аясында туристік қызметтердің (демалыс үйлері, шетелге сапарлар), жеке күтім қызметтерінің және тұрғын үйді жөндеу қызметтерінің қымбаттауы байқалды. Мектепке дейінгі білім беру және ұялы байланыс саласында аздаған бағаның үдеуі байқалды.

3-график. Азық-түлік емес инфляция



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4-график. Ақылы қызметтер



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ